

ӘОЖ 339.5/9

Қ. Қабиден

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

E-mail: mr.haly1986@mail.ru

ҚХР Шыңжаң ұйғыр автономиялы ауданының Қазақстан Республикасымен сауда байланыстары

Мақалада Қытайдың Шыңжаң ұйғыр автономиялы ауданының сыртқы сауда байланыстарының жалпы жағдайы және оның Қазақстанмен сауда-экономикалық байланыстары қарастырылған. Автор Шыңжаң мен Қазақстанның аймақаралық байланыстарының тарихи кезеңдеріне сипаттама беріп, қазіргі таңдағы ШҰАА-ның сыртқы сауда саясаты және Қазақстанмен әртүрлі формадағы сауда байланыстарының даму үдерісіне талдау жасап, ғылыми қорытындылар тұжырымдайды.

Түйін сөздер: Қытай, Шыңжаң, сауда, Қазақстан, даму.

K. Kabiden

The foreign trade – economic relations between Xinjiang, China and Kazakhstan

This article discusses the general appearance of the economic situation of Xinjiang – Xinjiang Uygur Autonomous Region of China, and its trade – economic relations with Kazakhstan. The author describes the historical relationship between Xinjiang and Kazakhstan, exploring the modern strategies of foreign trade and the development of different forms of trade – economic relations between Xinjiang and Kazakhstan, which's leading scientific conclusion of the study.

Keywords: China, Xinjiang, trade, Kazakhstan, developing.

К. Кабиден

Внешнеторговые отношения между Синьцзян-Уйгурским автономным районом (КНР) и Казахстаном

В данной статье рассматриваются общее внешне экономическое положение Синьцзян-Уйгурского автономного района Китая и его торгово-экономические отношения с Казахстаном. Автор описывает исторические связи между Синьцзянем и Казахстаном, исследуя современные стратегии внешней торговли и развитие разных форм торгово-экономических отношений между СУАР и Казахстаном, приводит научный вывод исследования.

Ключевые слова: Китай, Синьцзян, торговый, Казахстан, развивающийся.

Қазіргі Шыңжаң ұйғыр автономиялы ауданы (ШҰАА) Қазақстан Республикасымен іргелес жатқан Қытайдың батыс провинциясы. Бұл аймақтың Қазақстанмен байланыс тарихы ежелгі заманнан басталады. Қытайдың байырғы Чанань қаласынан Римге қатынаған «Ұлы жібек жолы», кезінде Шыңжаң мен Қазақстанды басып өтіп жатқан-ды. «Ұлы жібек жолы» сан ғасырлар бойы Шығыс пен Батыс мәдениетін алмастыру миссиясын атқарды. Сол «Ұлы жібек жолы» өткен Қазақстанның көптеген қалалары кезінде гүлденіп, өркендегені тарихи деректерден белгілі[1]. Демек, қазіргі ШҰАА аймағы мен

Қазақстан Шығыс пен Батыс мәдениетін байланыстырған, тоғыстырған өркениет ошағы болып табылады.

Бірақ таяу заманда, патшалық Ресей мен Қытайдың Чиң (Цин) империясының Қазақ жерінен мемлекеттік шекарасын анықтау арқылы 1864-1885 жылдары қол қойған бірқатар келісімшарттары негізінде, қазіргі Шыңжаң мен Қазақстанның шекара шебі қалыптасқан. Содан бастап Шыңжаң мен Қазақстан Қытай, Ресей құрамындағы іргелес аймақтарға айналды[2].

Қытай Компартиясы 1949 жылы Қытай Халық Республикасын құрып, Қытайда социа-

листік қоғам орнатып, Қытайдағы аз санды ұлттарға автономиялы саясат қолданды. Бұрынғы Шыңжаң өлкесі 1955 жылдың 1 қазан күні Шыңжаң ұйғыр автономиялы ауданы болып құрды. Содан бері Шыңжаң қоғамы жалпы қытайдың социалистік құрылыс үдерісінде дамып келеді.

1978 жылы желтоқсан айында Қытай Қомпартиясы өзінің XI кезекті III пленумында «қоғамдық реформа жүргізу, есікті ашық ұстау» сынды тарихи шешімін қабылдады. Содан бастап қытай қоғамы реформа және даму дәуіріне қадам басты. Қытай реформасы жоспарлы түрде іске асырылып, алдымен, аграрлық салаға, одан соң сауда-өнеркәсіп, одан соң білім-ғылым саласына, одан соң саяси жүйеге реформа жүргізіп келеді, дамып келеді. Қытай реформа арқылы бұрынғы жоспарлы экономика жүйесінен нарықтық экономика жүйесіне өзгертті [3].

Қытайдың қоғамдық реформа және даму жоспары – «Шығыс бөлігінен батысқа қарай», «Теңіз жағалауы аудандарынан ішкі құрлық аймақтарға қарай дамуға» бағытталған. Соған байланысты ШҰАА-ның жапы әлеуметтік даму деңгейі мен сыртқы сауда байланыстарының дамуы басқа өлкелеріне салыстырғанда біршама төмен болып келген-ді.

Бірақ ШҰАА-ның географиялық орналасуының Еуроазия материгіндегі халықаралық сауда байланыстарын дамытудағы алатын орны мен рөлі өте маңызды. Оның бұл басымдылығы өткен ғасырдың соңына таман көріне бастады.

КСРО құрамындағы Қазақстан мен Қытайдың Шыңжаң өлкесі арасындағы өзара байланыстар өткен ғасырдың 80-жылдары басталды, нақтылап айтқанда 1989 жылы ресми бастады. Сол жылы Шыңжаң мен Қазақстан арасында сауда ынтымақтастығы туралы келісімге қол қойылды. 1990 жылдың шілде айында Нұрсұлтан Назарбаев бастаған делегация Шыңжаң, СинЧжин және Пекинге сапармен барды. Сапар барысында екі жақ «Үрімжі мен Алматыда ҚХР ШҰАА мен Қаз КСР-інің экспорттық тауарлар көрмесін ашу туралы келісім» және «ШҰАА мен Қаз КСР-і арасындағы Алашанькоу-Достық шекаралық темір жол өткелін тиімді пайдалану туралы шарт»[4] сияқты құжаттарға қол қойды. Бұл Шыңжаң мен Қазақстан арасындағы алғашқы ресми байланыстардың басталуы еді. Қазақстан тәуелсіздігінен кейін, Қытай – Қазақстан

қатынастары терезесі тең мемлекеттер ретінде жаңа сипатта дами бастады.

ҚХР мен Қазақстан Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынас 1992 жылы 3 қаңтарда орнады. Содан кейін Қазақстан мен Қытай арасында жасалған жоғары дәрежелі өзара ресми сапарлар, екі елдің саяси дипломатиялық қатынастарының құқықтық негізі қаланды. 1992 жылдың ақпан айында Қазақстан премьер-министрі С. Терещенко ресми сапармен Қытайға барды. Бұл Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жоғары дәрежелі үкімет делегациясының Қытайға бірінші рет баруы. Сапар барысында тараптар Бірлескен мәлімдемеге, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара жол жүруі туралы келісімге қол қойылып, сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы үкіметаралық комиссия құру туралы келісім жасады [5]. 1992 жылы 10 тамызда, екі елдің сыртқы істер министрлері «Шекара өткелдерін ашу туралы келісімге» қол қойды. Осы келісімнің 3-тармағы бойынша, Қазақстан мен Қытай арасында, Қорғас (ҚР)-Қорғас (ҚХР) кедені, Достық (ҚР) – Алашанькоу (ҚХР) кедені, Бақты (ҚР)-Бақту (ҚХР) кедені сияқты халықаралық тасымалдау кедендері құрылды. 1992 жылы қарашадан бастап үшінші жақ елдердің азаматтарына, қатынас құралдарына және тауарларына аталған кедендерден өтуге рұқсат берілді. Содан кейін Майқапшағай (ҚР)-Жеменей (ҚХР) кедені, Алексеев (ҚР)-Ақтүбек (ҚХР) кедені, Нарынқұл (ҚР)-Мұзарт (ҚХР) кедені екі жақты тасжол транспорт және ресми делегациялардың өткелін құратын болды [6].

ШҰАА өзінің географиялық орналасу орнын пайдалана отырып, сыртқы сауда байланысын дамыту үшін, 1992 жылы 2 қыркүйек айында Үрімжі қаласында, «Үрімжі шекара аймақтық сауда-экономика жәрмеңкесінің» шымылдығын алғаш рет ашты [7]. Оған тек Шыңжаң өлкесі ғана емес, бүкіл қытайдың ішкі өлкелерінен 20 провинцияның 68 сауда үйірмесі, 600-ден аса кәсіпорын қатысты. Шет елдік 38 мемлекеттен 2000-нан аса кәсіпкер арнайы келіп, өзара сауда байланыстары жөнінде әріптестерімен байланыс орнатты. Осыдан бастап ШҰАА үкіметі «Үрімжі жәрмеңкесін» жыл сайын өткізуді дәстүрге айналдырды. 1994 жылы жәрмеңкенің атын «Үрімжі сыртқы сауда-экономика жәрмеңкесі» деп өзгертті. 2008 жылғы атауы «ХҮІІ кезекті Қытай Үрімжі сыртқы сауда-

экономика жәрмеңкесі» деп аталды. Ал 2011 жылы қыркүйектегі жәрмеңкенің атауын – «Қытай-Еуразия көрмесі» деп жаңаша атаумен жаңа формада қайта ашты[8]. Демек, Үрімжі қаласында жыл сайын өткізіліп тұратын аталмыш жәрмеңке немесе көрме арқылы Шыңжаң өзінің сыртқы сауда-экономикалық байланыстарын жыл сайын кеңейтуде. Сондай-ақ олар Қытайдың шығысындағы провинцияларымен де ішкі сауда байланыстарын нығайтуда. Өйткені Шыңжаң үкіметінің сауда стратегиясы – «шығыс провинциялармен байланыс жасап, батысқа экспорт ету» немесе «шығыстан енгізіп, бастысқа шығару» болып анықталған.

Шыңжаң басшылары белсенді түрде дипломатиялық қимылдар жасау арқылы, алдымен іргелес көрші мемлекеттермен сауда байланыстарын дамытуды көздеді. Мысалы, 1994 жылы 24 маусым айында, Қытай ШҰАА-ның төрағасының орынбасары Ли Дунхэй Шыңжаң сауда-экономика делегациясын бастап Қазақстанға келді. Ол сапар барысында Алматы қаласында Қазақстан премьер-министрінің орынбасарымен кездесу өткізді және Алматыда ашылған «Шыңжаң экспорт тауарлары көрмесінің» тұсаукесеріне қатысты. 1995 жылы шілдеде ШҰАА үкіметі төрағасының орынбасары Асқат Керімбай Шыңжаң үкіметі сауда-экономика делегациясын бастап Қазақстанға сапармен келді. Соған орайластырылған «Шыңжаң сыртқы сауда көрмесі мен жәрмеңкесі» Алматы қаласында ашылды. Сол жылдың 17-20 қарашасында Алматыда «Қытай мен Қазақстан сауда-экономика және ғылым-техника селбестік комитетінің» екінші реткі кездесуі өтті. 1997 жылы 26-30 мамыр аралығында, «Шыңжаң-Тяньзинь экспорт тауарлар көрмесі» Алматы қаласында өтті. Осындай іс-шаралардың нәтижесінде Қазақстан мен Қытайдың Шыңжаң өлкесі арасындағы сауда-экономикалық байланыстар дамыды.

Қытай ХХІ ғасырдан бастап, «Батыс бөлікті игеру стратегиясын» жүзеге асыруда. Бұл – Қытай Халық Республикасының жалпы әлеуметтік даму стратегиясының құрамдас бөлігі болып табылады. Сондай-ақ ол Қытайдың кезек-кезегімен, рет-ретімен іске асырып келе жатқан әлеуметтік даму бағдарламаларының

аса зор көлемдегі ең күрделісі болып табылады [9]. Бұл іс жүзінде Шыңжаңның сыртқы сауда байланыстарын дамытуға орасан зор мүмкіндіктер жасады.

2005 жылы «Қытай-Қазақстан сауда-экономика форумы» Үрімжі және Құлжа қалаларында өтті. Бұл форумға Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан елдерінің сауда-экономика компаниялары мен Шыңжаңның сыртқы сауда компаниялары қатысып, тараптар бас қосып, өзара сауда байланыстарын дамытудың жолын қарастырды. Сондай-ақ сауда-экономиканы зерттеуші мамандар тараптардың сауда-экономика жағдайын, кеден өткелдерінің қызметін жетілдіру туралы мәселелерді талқылады[10]. Осындай шаралар ШҰАА-ның сыртқы сауда айналымын дамыта түсті. Сыртқы байланыстардың сұранысына орай Шыңжаң төңірегтегі елдермен қатынас-транспорт жүйесін де дамытты.

ШҰАА Үкіметі Қытайдың іші мен сыртына қатынайтын теміржол, тасжол және әуе жолдары тараптарын қалыптастырды. Бұл Шыңжаңның сыртқы сауда саласының дамуына қолайлы жағдай жасады. Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, 1992 жылы ШҰАА-ның импорт-экспорт жалпы құны 750,39 милл АҚШ доллары болса, 2002 жылы 2692 милл АҚШ долларына жеткен, жылына 13,63%-ға артып отырған. Мұнда экспорт құны 548,57 милл АҚШ доллары болса, импорт құны 453,04 милл АҚШ доллары болған. Бұл санақ 1992 жылмен салыстырғанда 258,75% арытқан.

2003 жылы ШҰАА мен Қазақстан арасындағы импорт-экспорттың жалпы құны 2546 милл АҚШ долларына жетіп, сыртқы сауда импорт-экспорт жалпы құнының 83,77%-ын ұстаған. Мұнда экспорт құны 1273 милл АҚШ доллары болса, импорт құны 1273 милл АҚШ доллары болған. 2011 жылы импорт-экспорт жалпы құны 22822,25 милл АҚШ долларына жеткен. 2011 жылғы ШҰАА мен Қазақстан арасындағы импорт-экспорт жалпы құны 10596,64 милл АҚШ долларына жеткен. Бұл санақ 2003 жылға қарағанда 316,2%-ға өскен. Қазақстан ШҰАА-ның сыртқы саудасында бірінші орында тұрады [11].

ШҰАА-ның Импорт-экспорты

(мың АҚШ долл.)

	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011
Импорт-экспорт жалпы құны	5635630	7941890	9103270	13716230	22216800	13827710	17128340	22822250

*Шыңжаң статистикалық жылдық жинағынан (2009-2012) реттеп алынды.

Жоғарыдағы кестеден ШҰАА-ның 2004 жылдан бергі, сыртқы саудасының жалпы беттік көбейіп келе жатқан беталысын аңғара аламыз.

2008 жылға қарағанда 2009 жылы азаю жайы көрінгеніменен, 2010 жылдан бастап қайтадан жоғарлаған.

ШҰАА мен Қазақстан импорт-экспортының жалпы құны

(мың АҚШ долл.)

ШҰАА-ның Қазақстанмен болған Импорт-экспорт жалпы құны	2008	2009	2010	2011
	9070740	6897510	9259180	10596640

*Шыңжаң статистикалық жылдық жинағынан(2009-2012) реттеліп алынған.

Жоғарыдағы кестеден ШҰАА мен Қазақстан арасындағы сауда айналымның жалпы көбейіп келе жатқанын көруге болады. 2008 жылға қарағанда 2009 жылы 30 пайызға азайған. Бұл жағдайды сол жылы, Қазақстанның Кеден одақтастығына мүше болуына байланысты, кеден салығының көтерілуіне, сол жылдары жалпы дүние жүзілік экономика дағдарысының ықпалдарынан болған деп түсінуге болады. 2009 жылдан кейін, ШҰАА мен Қазақстан арасындағы импорт-экспорт жалпы құны қайтадан бұрынғы деңгейге көтерілді, тіпті, одан әрі арта түскені байқалады.

Қазіргі таңдағы экономикалық жаһандану үдерісі дамушы елдердің аймақаралық байланыстарын тереңдетуде. Соның мысалдарын Шыңжаң мен Қазақстан және Орта Азия елдері арасындағы сауда-экономикалық байланыстардан көруге болады. Өйткені олар арасындағы сауда байланыстары сыртқы сауданың барлық формаларын бастан өткізу арқылы жоғары деңгейге көтеріліп отыр. Яғни олар ең алғашқы тауар айырбастау формасынан кезір, қаржы біріктіріп кәсіпорын ашу сынды ынтымақтастық қатынасын орнатып, екі жақты сыртқы сауда қимылдарын ортақ жүргізу дәрежесіне көтерілді әрі халықаралық өлшемге де сай жұмыс жасауда.

ШҰАА аймағы мен Қазақстан арасындағы географиялық және транспорттық байланыстары сыртқы сауда әрекеттерін сәтті жүруінің ең

негізгі алғышарттарының бірі болып табылады. ШҰАА-ның 10 елмен шекаралас жатқан өңірлерінің ішінде бесеуі Қазақстанмен көрші. Олардың арасында бірінші дәрежелі кеден пунктiнен төртеуі, мезгілдік тауар өткелінен үшеуі бар. ШҰАА шекарасы мен Қазақстан қалаларының аралығы қашық емес. Және шекара арасы тасжолдар бір-бірімен ұласып тұр, шекара өткелерінің инфрақұрылымдары мен қызмет көрсетуі барған сайын жақсаруда. Мұның ішінде Қорғас өткелі, ШҰАА мен Қазақстан арасындағы сауда-саттық және бұқаралық қарым-қатынастағы маңызды өткел болып отыр. Қорғас кедені – Қытай мен Қазақстан арасындағы, сауда-айналымды арқау болып отырған кедендердің бірі. Сонымен қатар кеден өңірдің экономика, әлеуметтік дамуына мемлекеттік деңгейде көңіл бөлініп, нақтылы іс-шаралар жүзеге асырылуда. 2005 жылы шілдеде Қытай мемлекет басшысы Ху Цзэньтао Астанада өткен ШЫҰ-ның самитіне келген кезде, Қытай мен Қазақстан екі ел бірігіп, Қорғаста «Қытай-Қазақстан халықаралық шекара селбестік орталығын» ашу туралы келісімге қол қойды. Орталық жалпы аумағы 5,28 шаршы км болса, Қытай жағы 3,43 шаршы км, Қазақстан жағында 1,85 шаршы км болған. Бұл Орталыққа кез келген адам, екі жақтағы қақпадан емін-еркін кіріп-шыға алады. Орталықта базар, емхана, қонақүй сынды нысандар тұрғызылды. Бір ретте бір азамат

Орталықтың территориясында 30 күн визасыз тұра алады. Қытай жағында тағында 9,37 шаршы келеметр болатын қосымша аймақ дайындалды. Осы қосымша аймақта 30-дан аса кәсіпорын орын теуіп отыр. Бұл Орталықтың Қазақстан бөлігі 2006-2008 жылдары аралығында, Қазақстан индустрия және сауда министрлігінің басқаруында болған. 2009 жылдан бастап Қазақстан Республикасы «Жетісу» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының тікелей басқаруына өтеді. Қазақстан бөлігінде 153 инвестициялық жоба жоспарланып отыр. Әрбір нысананың салынуына тендр белгіленген. 2006-2008 жылдар арасында, Қазақстан үкіметі тарабынан 15 млрд теңге қаржы бөлінеді. 2009 жылы тағы 23 млрд теңге қаржы өңірдегі негізгі құрылғылардың салынуына жұмсалды [12].

2010 жылы мамыр айында Қытай үкімет тарапынан, Қорғаста және Қашқарда «Экономикалық ерекше игеру ауданын» құрды. Бұл шараның қолға алынуы – Қытайдағы алғашқы кезде құрылған Шэньчжэнь еркін экономикалық аймағының даму тәжірибесін батыс аймақтарға қолдану болып табылады.

Екінші Еуроазия құрлық көпірінің ашылуы, ШҰАА және жалпы Қытайдың солтүстік батыс өңірлерінің дамуына бұрын-соңды болмаған орай тудырып отыр. Бұл теміржол желісі Қытайдың шығысындағы Лянь Юнь ган қаласынан басталып, Еуропадағы Голландияның

Роттердам қаласына дейін барады. Жол жалпы жеті елдің жерін басып өтеді. Олар – Қытай, Қазақстан, Ресей, Беларусь, Польша, Германия, Голландия. Бұл теміржол желісі, Азия-Атлантика мұхиты мен Еуропа арасындағы ең қолайлы құрлықтық өткел болмақ. Мамандардың пайымдауларына қарағанда, екінші Еуроазия құрлық көпірі, Сібірден өтетін бірінші Еуроазия құрлық көпіріне қарағанда, тасымал аралығы 2000 км-ге қысқарып, тасымал ақысы 30% төмендемек; теңіз тасымалына қарағанда, тасымал уақыты 60% қысқарып, тасымал ақысы 20% қысқармақ. Орта Азиядағы бес мемлекет, ішкі құрлықта болғандықтан, оларға теңіз жолымен тасымалдау, өте қолайсыз болмақ. Сондықтан да Орта Азия елдері көршілес ШҰАА мен экономикалық техникалық байланыстарында ортақ мүдделер сақталып отыр. Орта Азиядағы бес мемлекет сыртқы байланыстарын дамытуда осы құрлықтық көпір арқылы Атлантика мұхиты елдерімен де тікелей байланыс жасауына мүмкіндік жасалады. Демек, Қазақстан мен ШҰАА арасындағы экономикалық байланыстар әлемдік сауда байланыстарына жалғасуына жол ашылады.

Қытайдың «Батыс бөлікті қауырт игеру» стратегиялық жоспары аясында ШҰАА-ның экономикалық дамуы қарқын ала түседі. Соған байланысты оның Қазақстанмен сауда байланыстары дами түседі деп жорамалдауға толық негіз бар.

Әдебиеттер

- 1 Жібек жолының бойындағы қалалар. <http://www.baq.kz/kaz/news/cat/30/15836/>. 2013-02-01.
- 2 Мұқаметқанұлы Н. Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелері. – Алматы, 2010. – 48 бет.
- 3 Мұқаметқанұлы Н. Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелері. – Алматы, 2010. – 59 бет.
- 4 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. – Алматы: Дәуір, 1992. – 56 б.
- 5 Ресми сапармен// Егеменді Қазақстан. – 1992. – 25 ақпан.
- 6 «ҚХР үкіметі мен ҚР үкімет арасындағы шекараның өткелін ашу туралы келісім». http://www.fmprc.gov.cn/mfa_chn/ziliao_611306/tytj_611312/t556621.shtml 2013-01-20
- 7 Хуан Пин Жао. «Реформа жасап есікті ашық ұстау» саясаты алға қойғаннан бері Шыңжаң сыртқы саудасының дамуына қайта шолу[J]// Шинжян финансы. – 2000(4). – 26–9.
- 8 CNENA Қытай Көрмелер порталы сайтынан. <http://www.cnena.com/show.asp?id=6107> 2013-01-25
- 9 Мұқаметқанұлы Н. Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелері. – Алматы, 2010. – 59 бет.
- 10 ЭКСПО «Қытай-Евразия» ресми сайтынан. <http://ru.caexpo.org/> 2013-01-25
- 11 Шыңжаң статистикалық жылдық кітабының 1992 жылдан 2005 жылға дейінгі жинағынан реттеліп алынды.
- 12 Қорғас әкімшілік сайты. <http://www.xjhegs.gov.cn/> . 2013-01-25

References

- 1 Zhibek zholynyn boindagy kalalar. <http://www.baq.kz/kaz/news/cat/30/15836/>. 2013-02-01.
- 2 Nabizhan Mukametkanuly. Diplomatialyk katynastar zhane kytaitanu maselelery. – Almany. – 2010. – 48 bet.
- 3 Nabizhan Mukametkanuly. Diplomatialyk katynastar zhane kytaitanu maselelery. – Almany. – 2010. – 59 bet.
- 4 Nazarbaev N.A. Kazakhstan egemendy memleket retynde kalytasuy men damuynyn strategiasy. – Almaty: Dauyr, 1992. – 56 bet.
- 5 Resymi saparmen// Egemendy Kazakhstan, 1992. – 25 akpan.
- 6 «Kytai ukimeti men Kazakhstan ukimeti arasyndagy shekara otkelderyn ashu turaly kelisim ». http://7 www.fmprc.gov.cn/mfa_chn/ziliao_611306/tytj_611312/t556621.shtml 2013-01-20
- 7 Huang Ping zhau. «Reforma zhasap esikti ashky ustau» sayasatyn alga koigannan beri Shinzhang syrtky saudasynyn damuyna kaita sholu[J]//. Shinzhang finansy. – 2000(4). – 26-29.
- 8 CNENA Kytai kormeker portaly saitynan. <http://www.cnena.com/show.asp?id=6107> 2013-01-25
- 9 Nabizhan Mukametkanuly. Diplomatialyk katynastar zhane kytaitanu maselelery. – Almany. – 2010. – 59 bet
- 10 EXPO «China-Eurasia» resmi saitynan. <http://ru.caeexpo.org/> 2013-01-25
- 11 Shinzhang statistikalik zhyldyk kitabynyn 1992-2005 zhinaktarynan rettelip alyndy.
- 12 Korgas akimshilik saity. <http://www.xjhegs.gov.cn/> . 2013-01-25.